

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ажырасу-XXI ғасыр дерті

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.10.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/166616/

Ажырасу — XXI ғасыр дерті

Сан ғасырлық тарихы бар қазағымның қазіргі жастар арасындағы ең өзекті мәселелердің бірі ажырасу мәселесі болып отыр.Еліміздегі жастардың үйленуінен қарағанда ажырасу саны күрт өсіп жатқандығы қоғам үшін үлкен қасірет.“Бірнеше ондаған жылдар бойы ажырасу мәселесі бұрынғыдан да өзекті болып келеді. Жыл сайын ажырасулар саны өсуде, ал заңды некеге тұрған жұптардың саны, керісінше, азайып келеді.Біз XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Бұл технология ғасыры, өте прогрессивті ғасыр және өткенді білуге бет бұру – феодализм, онда күйеуі отбасын асырауы керек, ал әйел ошақпен айналысуы керек – бұл бүгінгі күнге дейін жұмыс істемейтін ескірген модель болып саналады.

Отбасы моделінің өзгеруі, ерлі-зайыптылар арасындағы өзара түсіністіктің болмауы, экономикалық тәуелсіздік, сатқындық, алкогольге тәуелділік, ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де ерлі – зайыптылық міндеттеріне жауапкершіліксіз қарау және т.б. — осы факторлардың барлығы отбасындағы көптеген қақтығыстар мен шиеленісті жағдайларға әкеледі. Бұл жағдайдың апофеозы-ажырасу.

Бұрынғы кездегі ажырасу себептері қазіргі кезден өзгешелеу секілді,себебі кезінде ажырасу себептері ұрпақ көбейте алмау,келіндік қызметке денсаулық жағдайы жарамау және т.б.Ал қазіргі таңдағы жастар арасындағы ажырасу себептері:зорлық-зомбылық,әлімжеттік көрсету,әйелінің атынан несие алу, несиені уақытында төлей алмау,қаржылық сауаттылықтың жетіспеуі, материалдық жағдайдың төмендігінен ұрыс жан-жал туындап түбі ажырасуға дейін барады.Тіпті,кейбір ажырасулар жұбайының көзіне шөп салу салдарынан да болып жатады.Алайда ,соңғы уақыттағы ажырасулардың ең көп себебі сол ақшаға келіп тіреліп,отбасыдағы тұрмыстық жағдайдың төмендігіне төзе алмаудан туындап отыр.Сондықтан жастар арасындағы ажырасуды көптеп болдырмау мақсатында көптеген жас отбасыларға арналған бағдарламалар мен көмек қолын созып үй алуға жағдай жасайтын жобаларды көбейтсе екен деймін.Менің ойымша ,енді ғана үйленіп шаңырақ көтерген әрбір жас отбасыға

мемлекет тарапынан азда болса да қолдау керек. Сонымен қатар, жеке бизнес немесе өз қожалықтарын жүргізуге субсидия секілді жәрдемақылар қарастырылса және де қоғамдағы әйелдерді қорғау заңын барынша күшейтіп үлкен бақылаумен масштабты түрде өзгертілсе, қоғамдағы ажырасу дерті біршама азаяр еді. Болашақ еліміздің ертеңі болашақ жастарымыз дені сау толыққанды отбасыда тәрбиеленуі қажет.. Отан-отбасыдан басталады демекші, әрбір отбасының бүтіндігі мен саулығы ұлт үшін де үлкен нығмет. Отанымыздың тыныштығы мен ілгері алға қадам басуы үшін әрбір айрандай ұйып отырған отбасыларымызды сақтап қалуымыз керек. Жастарымыз отбасы болуға тым ерте асықпай жоспарлы түрде қаржылық сауаттылығын жетілдіріп, өзгенін болашағына жауапкершілікті алуға дайын болғанда ғана барып үйленуге шешім қабылдаса екен. Сол кезде көптеген мәселелердің алдын алар едік...

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.